

**2018 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және басым дақылдар өндіруді субсидиялау жолымен өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 2 мамырдағы № 118 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 мамырда № 4708 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 334 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 04.12.2018 № 334 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3 /177 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11094 болып тіркелді) бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 3-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар бекітілсін:

осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі;

осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мыналарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы әкімдік қаулысын мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тіліндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы - Солтүстік Қазақстан аймақтық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

3) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

*Солтүстік Қазақстан  
облысының әкімі*

*Қ. Ақсақалов*

Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2018 жылғы 02  
мамырдағы № 118 қаулысына  
1-қосымша

## **Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі**

№ р/с	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы
1	Егістікте және (немесе) шабындық және жайылымдық алқаптарды шалғындыру және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін себілген бірінші жылы өсіп жатқан көпжылдық шөптер
2	Біржылдық шөптер (дәнді масақты дақылдарды қоспағанда)

3	Сүрлемдік жүгері
4	Сүрлемдік күнбағыс
5	Қант қызылшасы (1 тоннаға)
6	Рапс
7	Күнбағыс
8	Зығыр
9	Қыша
10	Арыш
11	Қытайбұршақ

Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2018 жылғы 02  
мамырдағы №118 қаулысына  
2-қосымша

**Басым дақылдар өндіруді субсидиялау жолымен өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары**

№ р/с	Аудан, қала атауы	Өңдеуші кәсіпорынға өңдеуге өткізілген майлы дақылдар (1 тоннаға арналған субсидиялар нормативі, теңге):				
		рапс	күнбағыс	зығыр	қыша	арыш, қытайбұршақ
1	Айыртау	7500	7500	7500	7500	7500
2	Ақжар	7500	7500	7500	7500	7500
3	Аққайың	7500	7500	7500	7500	7500
4	Есіл	7500	7500	7500	7500	7500
5	Жамбыл	7500	7500	7500	7500	7500
6	Жұмабаев	7500	7500	7500	7500	7500
7	Қызылжар	7500	7500	7500	7500	7500
8	Мамлют	7500	7500	7500	7500	7500
9	Ғабит Мүсірепов атындағы	7500	7500	7500	7500	7500
10	Тайынша	7500	7500	7500	7500	7500
11	Тимирязев	7500	7500	7500	7500	7500
12	Уәлиханов	7500	7500	7500	7500	7500
13	Шал ақын	7500	7500	7500	7500	7500
14	Петропавл қ.	7500	7500	7500	7500	7500

### Кестенің жалғасы

Жемшөптік дақылдар (1 тоннаға арналған субсидиялар нормативі, теңге)				
		Біржылдық шөптер (дәнді		

Егістікте және (немесе) шабындық және жайылымдық алқаптарды шалғындыру және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін себілген бірінші жылы өсіп жатқан көпжылдық шөптер	масақты дақылдарды қоспағанда)	Сүрлемдік жүгері	Сүрлемдік күнбағыс	Қ а н т қызылшасы (1 тоннаға)
4000	2000	10000	10000	5000
4000	2000	10000	10000	5000
4000	2000	10000	10000	5000
4000	2000	10000	10000	5000
4000	2000	10000	10000	5000
4000	2000	10000	10000	5000
4000	2000	10000	10000	5000
4000	2000	10000	10000	5000
4000	2000	10000	10000	5000
4000	2000	10000	10000	5000
4000	2000	10000	10000	5000
4000	2000	10000	10000	5000
4000	2000	10000	10000	5000
4000	2000	10000	10000	5000
4000	2000	10000	10000	5000
4000	2000	10000	10000	5000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК